

**БЕКІТІЛДІ**



2021 жылғы № 43 бүйрек  
КМКБ «Ручек» балабақшасының директоры  
Ермагамбетова Ж.Ж.

Қарағанды облысы Білім баскармасының Балқаш каласы білім бөлімінің  
«Ручек» балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық  
кәсіпорнының» сыйбайлас жемқорлықка карсы комплаенс-қызметтер  
Ережесі

*Квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыйбайлас жемқорлыққа карсы комплаенс институтының  
үйкемелісінде жүннегі зерттегілік үсіншімдар негізінде жасалған. 2020 жылдың 30 желтоқсанда  
Казақстан Республикасы Сыйбайлас жемқорлыққа карсы іс-қимыл агенттігінің (Сыйбайлас жемқорлыққа  
карсы қызмет) тараласы А. Ж. Шілекбаев бекіткен.*

Балқаш каласы

## **1. Жалпы ереже**

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы заннамасының талаптарына сәйкес "Ручеек" "балабақшасы" коммуналдық мемлекеттік казыналық кәсіпорны ("Ручеек" балабақшасы КМКК) үшін әзірленді.
2. Осы Әдістемелік ұсынымдарда үгымдар мынадай магынада колданылады:
  - 1) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – квазимемлекеттік сектор субъектісі бөлімшелерінің біріне жүктелетін тиесті ұйымның және оның жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл саласындағы заннамасын сактауын камтамасыз ету жөніндегі функция;
  - 2) квазимемлекеттік сектор субъектілері – мемлекеттік кәсіпорындар, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, акционерлік қоғамдар, оның ішінде құрылтайшысы, катысуышысы немесе акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар, сондай-ақ еншілес, тәуелді және Қазақстан Республикасының заннамалық актілеріне сәйкес олармен үлестес болып табылатын өзге де занды тұлғалар;
  - 3) мұдделер қақтығысы – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға үәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мұдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы кайшылық жағдайында аталған адамдардың жеке мұдделері олардың өз лауазымдық міндеттемелерін орындаудына және (немесе) тиісінше орындаудына алып келуі мүмкін;
  - 4) сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – бұл үшін занда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыйбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайши, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);
  - 5) сыйбайлас жемқорлық тәуекелі – сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауга ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;
  - 6) сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу – сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауга ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жоніндегі қызметі.
3. Осы Ереженің мерзімі шектелмеген. Ереже жаңасын кабылдаганға дейін колданылады.

## **2 Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің мақсаттары, міндеттері мен қагидаттары**

4. Квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті (бұдан әрі - сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет) жүзеге асыратын құрылымдық болімшелер Қазақстан

Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл туралы заңнамасына және квазимемлекеттік сектор субъектісінің ішкі құжаттарына сәйкес айқындалады.

5. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер жұмысының негізгі мақсаты тиесті үйымның (компанияның) және оның жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл туралы заңнамасын сактауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

6. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері:

- 1) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеушілік талаптар мен ен үздік халықаралық практиканың сакталуын қамтамасыз ету;
- 2) «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимылдың негізгі қагидаттарының сакталуын қамтамасыз ету;
- 3) сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, бағалау және қайта бағалау;
- 4) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі шаралар жүйесін Заңға сәйкес тиімді іске асыру.

7. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асыру кезінде мынадай қагидаттарды басшылыққа алу ұсынылады:

- 1) квазимемлекеттік сектор субъектісі басшылығының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенстің тиімділігіне мүдделілігі;
- 2) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттерін орындау үшін қажетті өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі;
- 3) сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау жүйелілігі;
- 4) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет жұмысының ақпараттық ашықтығы;
- 5) квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асырудың үздіксіздігі;
- 6) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жетілдіру.

### **3 - тарау. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің жұмысын үйымдастыру тәртібі**

8. Квазимемлекеттік сектор субъектісінің құрылымдық бөлімшесіне сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүктеу туралы шешімді квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысы немесе алқалы атқарушы органды (болған кезде) қабылдайды.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы тиесті акт квазимемлекеттік сектор субъектісінің реңми интернет-ресурсында ориаластырылады және үйымның барлық жұмыскерлерінің назарына жеткізіледі.

9. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асыруға тартылған квазимемлекеттік сектор субъектісі жұмыскерлерінің санын үйымның штат

санына байланысты және үйымның барлық болімшелерінде, оның ішінде квазимемлекеттік сектор субъектісінің еншілес үйымдарында, филиалдарында, өкілдіктерінде және озге де оқшауланған болімшелерінде сыбайлас жемкорлықка қарсы комплаенс-қызметтің функциялары мен міндеттерін тиімді орындау үшін кажетті мөлшерле айқындаған жөн.

10. Сыбайлас жемкорлықка қарсы комплаенс-қызметтің алқалы органга (болған жағдайда) немесе Қазақстан Республикасының сыбайлас жемкорлықка қарсы іс-кимыл туралы заңнамасы нормаларының сакталуын бакылауды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген озге де адамға есеп беруін қамтамасыз ету ұсынылады.

11. Сыбайлас жемкорлықка қарсы комплаенс-қызмет жұмыскерінің функционалдық міндеттемелерін, құқыктары мен жауапкершілігін оның лауазымдық нұскаулығында не жұмыскерлердің қызметтік құқыктары мен міндеттерін айқындастырып озге де күжаттарда айқындаған жөн.

12. Сыбайлас жемкорлықка қарсы комплаенс-қызметке мынадай функцияларды жүктеу ұсынылады:

- 1) квазимемлекеттік сектор субъектінде сыбайлас жемкорлыққа қарсы іс-кимыл мәселелері бойынша ішкі күжаттарды әзірлеу;
- 2) сыбайлас жемкорлыққа қарсы комплаенс саласындағы стандарттар мен саясатты әзірлеу және жаңғыру;
- 3) сыбайлас жемкорлыққа қарсы іс-кимыл және сыбайлас жемкорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізу;
- 4) мүдделер кактығысны анықтау, мониторингтеу және реттеу бойынша шаралар кабылдау;
- 5) мемлекеттік функцияларды орындауга уәкілеттік берілген адамдарға тенестірілген адамдар санатына жататын квазимемлекеттік сектор субъектісі жұмыскерлерінің сыбайлас жемкорлыққа қарсы шектеулерді Зәңга сәйкес сактауы түргісінан мониторинг жүргізу;
- 6) корпоративтік әдеп күныдылықтарын дамыту;
- 7) квазимемлекеттік сектор субъектісі жұмыскерлерінің сыбайлас жемкорлыққа қарсы заңнаманы, сондай-ак корпоративтік Әдеп кодексін (болған кезде) сактауын бакылау;
- 8) сыбайлас жемкорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері туралы ақпаратты жария ашуды қамтамасыз ету;
- 9) сыбайлас жемкорлық фактілері туралы отініштер (шагымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізу және/немесе оларға катысу;
- 10) квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметіндегі сыбайлас жемкорлық тәуекелдерін төмендету жоғандегі жұмысты үйлестіру;
- 11) квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметіндегі сыбайлас жемкорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізу кезінде сыбайлас жемкорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі уәкілетті органға жәрдем корсету;
- 12) сыбайлас жемкорлыққа қарсы заңнамадағы, сыбайлас жемкорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасындағы өзгерістерді мониторингтеу және талдау.

13) квазимемлекеттік сектор субъектісі жасасатын азаматтық-күкіктық шарттарға, оның ішінде сатып алу туралы шарттарға шарт тараптарының сыйбайлас жемқорлықка карсы заңнаманың, іскерлік әдеп пен парасаттылықтың нормаларын, адаптациялық нормаларын, адал бәсекелестік кагидаттарын міндettі турде сакталуын көздейтін ережелерді қосуды қамтамасыз ету.

13. Жүктелген міндettерді іске асыру үшін сыйбайлас жемқорлықка карсы комплаенс-қызметке мынадай күкіктар мен міндettемелерді беру үсынылады:

- 1) ұйымның ішкі күжаттарымен регламенттелген, бекітілген рәсімдер шеңберінде квазимемлекеттік сектор субъектісінің курылымдық болімшелерінен акпарат пен материалдарды, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын акпарат пен материалдарды сұраты және ала алады;
- 2) олардың күзыретіне жататын мәселелерді квазимемлекеттік сектор субъектісі басшысының немесе сыйбайлас жемқорлықка карсы комплаенс-қызмет есеп беретін өзге тұлғаның (органнын) карауына шыгаруга бастамашылық жасай алады;
- 3) ықтимал сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлықка карсы іс-кимыл туралы заңнамасын бұзушылықтар туралы келіп түскен хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізуге бастамашылық жасай алады;
- 4) мемлекеттік бағдарламалардың, нормативтік құқыктық актілердің жобаларын әзірлеуге және оларды өз күзыреті шегінде іске асыруға қатыса алады;
- 5) олардың күзыретіне жататын мәселелер бойынша мәжілістер ұйымдастыра жөне откізе алады;
- 6) квазимемлекеттік сектор субъектісі және оның үлестес тұлғалары туралы акпараттың, сыйбайлас жемқорлықка карсы комплаенс-қызмет функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған инсайдерлік акпараттың құпиялылығын сактауга міндettі;
- 7) сыйбайлас жемқорлықтың, корпоративтік Әдеп кодексін және сыйбайлас жемқорлықка карсы комплаенс мәселелері бойынша өзге де ішкі саясаттар мен рәсімдерді бұзудың болжамды немесе нақты фактілері бойынша сыйбайлас жемқорлықка карсы комплаенс-қызметіне жүгінген адамдардың құпиялылығын қамтамасыз етуге міндettі;
- 8) сыйбайлас жемқорлықка карсы іс-кимыл саласындағы заңнаманы бұзудың болуына немесе ықтимал мүмкіндігіне байланысты кез келген жағдайлар туралы квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысын және немесе сыйбайлас жемқорлықка карсы комплаенс-қызмет есеп беретін өзге де адамды (органды) уактылы хабардар етуге міндettі;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасына кайны келмейтін өзге де арекеттерді жүзеге асыра алады.

14. Сыйбайлас жемқорлықка карсы комплаенс-қызметке азаматтар тиісті квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыйбайлас жемқорлықка карсы шиномданы бұзудың орын алған немесе ықтимал мүмкіндігі туралы

акпаратты хабарлай алатын, сыйбайлас жемкорлықка карсы іс-кимыл жоніндегі іс-шаралардың тиімділігін арттыру жонінде ұсыныстар енгізе алатын акпарат ариаларын (мысалға, сенім телефоны немесе «қауырт желі») құру ұсынылады.

15. Сыйбайлас жемкорлық комплаенс-қызмет жұмыскері мүдделер кактығысына (каржылық, мүліктік, туыстық немесе өткізілетін іс-шара шеңберінде қандай да бір өзге мүдделіліктің болуы) әкеп соқтырыу мүмкін іс-шараларға (тексерулерге, қызметтік тергеулерге және т.б.) қатыспауды керек.

16. Сыйбайлас жемкорлықка карсы комплаенс-қызметі үйым жұмыскерлерін жұмыска қабылданған сәттен бастап басқа лауазымға тағайындалған кезде, сондай-ақ біліктілігін арттырган кезде (жылни, кемінде, 1 рет) сыйбайлас жемкорлықка карсы заңнама талантарына жүйелі оқытуды қамтамасыз етуі керек.

Оқыту нысандарын өткізу әдістерін (дәрістер, семинарлар, тренингтер) сыйбайлас жемкорлыққа карсы комплаенс-қызмет дербес айқындайды.

17. Сыйбайлас жемкорлыққа карсы комплаенс-қызметтердің мемлекеттік органдармен өзара іс-кимыл тәртібі қолданыстағы заңнамага сәйкес квазимемлекеттік сектор субъектісінің ішкі құжаттарында белгіленеді.

18. Сыйбайлас жемкорлыққа карсы комплаенс-қызметтерге әдіstemелік және акпараттық коллауды сыйбайлас жемкорлыққа карсы іс-кимыл жоніндегі уәкілді орган мен оның аумактық болімшелері корсетеді.

19. Сыйбайлас жемкорлыққа карсы комплаенс-қызметке сыйбайлас жемкорлықтан алдын ала сактандыру жонінде жүргізілген іс-шаралар бойынша есепті:

1) сыйбайлас жемкорлыққа карсы комплаенс-қызметі есеп беретін адамға (органа), сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысына токсан сайын жолдау;

2) жыл сайын есептік кезеңнен кейінгі айдың 10-күніне квазимемлекеттік сектор субъектісінің ресми интернет-ресурсында орналастыру ұсынылады.

20. Квазимемлекеттік сектор субъектісіне сыйбайлас жемкорлықтан алдын ала сактандыру бойынша жүргізіліп жатқан іс-шаралар туралы өзінің контрагенттерін, іскерлік әріптестерін, азаматтық қогам институттарын тұрақты негізде хабардар ету ұсынылады.